

"Кәсіби аудиторлық ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2006 жылғы 18 шілдедегі № 265 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 4 маусымдағы № 346 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 19 тамызда № 11906 болып тіркелді

«Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қазандағы Заңының 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. «Кәсіби аудиторлық ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2006 жылғы 18 шілдедегі № 265 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4336 тіркелген, 2006 жылғы 17 тамыздағы № 150 (956) «Заң газеті» газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кәсіби аудиторлық ұйымдарды аккредиттеу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп пен аудит әдіснамасы департаменті (А.Т. Бектұрова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі *Б. Сұлтанов*

«К Е Л І С І Л Д І»
Қазақстан Республикасының
инвестициялар және даму министрі
_____ *Ә. Исекешев*

2015 жылғы «_____» _____

«К Е Л І С І Л Д І»
Қазақстан Республикасының

2015 жылғы 10 шілде

Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрінің
 2015 жылғы 4 маусымдағы
 № 346 бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрінің
 2006 жылғы 18 шілдедегі
 № 265 бұйрығымен

бекітілген

Кәсіби аудиторлық ұйымдарды аккредиттеу қағидалары 1. Жалпы ережелер

1. Осы Кәсіби аудиторлық ұйымдарды аккредиттеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және аудиторлық қызмет саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) Қазақстан Республикасының кәсіби аудиторлық ұйымдарды (бұдан әрі - кәсіби ұйымдар) аккредиттеу жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Кәсіби ұйымдар уәкілетті органның Заңға сәйкес кәсіби ұйымдардың құқықтылығын ресми мойындау мақсатында аккредиттеуден өтеді.

2. Аккредиттеу жүргізу тәртібі

3. «Электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-портал арқылы (бұдан әрі – Портал) кәсіби ұйымдар аккредиттеуден өту үшін мыналарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіби ұйымның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтер нысаны.

4. Кәсіби ұйымдардың құжаттарын қарау және аккредиттеу туралы куәлік беру, қайта ресімдеу туралы шешім қабылдау мерзімі осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген құжаттардың қабылданған күнінен бастап бес жұмыс күнін құрайды.

5. Кәсіби ұйымдар мынадай талаптарға жауап береді:

1) аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар ғана кәсіби ұйымдардың құрылтайшылары және қатысушылары болып табылады;

2) аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар бір ғана кәсіби ұйымның мүшелері болып

табылады;

3) Халықаралық бухгалтерлер федерациясының Этика кодексінің талаптарына сәйкес келетін Этика кодексін әзірлейді және қабылдайды.

Кәсіби ұйымдардың басқару органы аудиторлар – соңғы бес жылдың үш жылы ішінде қаржылық ұйымдардың аудиті саласында жұмыс тәжірибесімен саны кемінде үш аудитор болатын кәсіби аудиторлар ұйымының мүшелері санынан қалыптасады.

Кәсіби ұйымдардың мынадай:

- 1) сапасын бақылау бойынша;
- 2) аудит және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары бойынша;
- 3) аудиторлардың біліктілігін арттыру бойынша;
- 4) этика мәселелері бойынша;
- 5) дауларды қарау бойынша жұмыс органдары (комитеттері) бар.

Кәсіби ұйымдардың сондай-ақ қалауы бойынша басқа жұмыс органдары (комитеттері) болуы мүмкін.

6. Кәсіби ұйымның аккредиттелуі туралы куәлік аккредиттеуді растайтын ресми құжат болып табылады, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында әрекет етеді және әрекет ету мерзімі шектеусіз беріледі.

7. Кәсіби ұйымның заңды мекенжайы өзгерген жағдайда аккредиттелуі туралы куәлік қайта рәсімдеуге жатады.

Кәсіби аудиторлық ұйымды аккредиттеу туралы куәлікті қайта рәсімдеу үшін заңды мекенжайы өзгерген күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде Порталға осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кәсіби ұйымның уәкілетті тұлғасы ұсыну қажет.

8. Уәкілетті орган аккредиттелген кәсіби ұйымдар тізілімін жүргізеді және оны уәкілетті органның сайтына орналастырады.

Уәкілетті орган аккредиттелген кәсіби ұйымдар тізілімі өзгерген жағдайда өз интернет-ресурсына орналастырылған ақпаратты өзгеріс туралы ақпарат түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жаңартады.

Кәсіби аудиторлық ұйымдарды аккредиттеу қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Өтініш

(кәсіби аудиторлық ұйымның толық атауы, БСН)

_____ қызметті жүзеге асыру үшін
_____ аккредиттеуді (қайта рәсімдеуді, телнұсқа беруді)
сұраймын.

Орналасқан жері: _____

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын
мәліметтерді пайдалануға келісемін

20__ ж. «__» _____

Кәсіби аудиторлық ұйымның
басшысы _____
(Тегі, аты және әкесінің аты

(болған кезде)

Кәсіби аудиторлық ұйымдарды
аккредиттеу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Мәліметтер нысаны

Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың
тізбесі
Мүшелер _____

(кәсіби аудиторлық ұйымның атауы, БСН көрсетіледі)

№ 1 кесте

Р/с №	Аудитордың ЖСН	Ауди тордың тегі	Ауди тордың аты	Аудитордың әкесінің аты (болған кезде)	Почта индексі	Ел/облыс/ аудан/ елді мекен	Көшенің атауы	Үйдің нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8	9

№ 1 кестенің жалғасы

Үйдің индексі	Пәтердің/ офистің нөмірі	Телефоны	Біліктілік куәлігінің нөмірі	Біліктілік куәлігінің берілген күні	Кәсіби ұйымға өту күні	Кәсіби аудиторлық ұйымға мүшелігін растайтын құжаттың немесе мүшелік билетінің нөмірі	Жұмыс орны (аудиторлық ұйымның атауы)
10	11	12	13	14	15	16	17

№ 2 кесте

дауларды қарастыру бойынша									
*									

Е с к е р т п е :

* кәсіби ұйымдардың басқа жұмыс органдары (комитеттері) болуы мүмкін.

Кәсіби аудиторлық ұйымның
басшысы _____
(Тегі, аты және әкесінің аты _____ (күні)
(болған кезде)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК